



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ

20 08 ж. «26» мамыр жүргізілді  
№ 5052-1900-АҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ

20 08 ж. «26» мамыр жүргізілді  
БСН 080540014021

Жалғыз құрылтайшының шешімімен

«бекітілген»  
2007 ж. 17.09 № 12 хаттама

Қазақстан Республикасы Қаржы  
нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау агенттігімен  
«келісілді».

Төраға (Төрағаның орынбасары)



21.04.2008 ✓

## «АСТАНА-ФИНАНС» БАНКІ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

## 1-БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Жарғы «Астана-финанс» банкі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Банк) органдарының атауын, орналасқан жерін, қалыптастырудың тәртібін және құзыретін, оны қайта ұйымдастырудың және қызметін тоқтатудың шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді анықтайды.

1.2. Банктің атауы

мемлекеттік тілде:

- толық - «Астана-финанс» банкі» акционерлік қоғамы;

- қысқартылған - «Астана-финанс» банкі» АҚ;

орыс тілінде:

- толық - Акционерное общество «Банк «Астана-финанс»;

- қысқартылған – АО «Банк «Астана-финанс»;

ағылшын тілінде:

- толық – «Bank «Astana-finance» Joint Stock Company

- қысқартылған – «Bank «Astana-finance» JSC.

1.3. Банктің атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Самал-3 ықшам ауданы, 25 үй.

1.4. Банк қызметінің мерзімі оны мемлекеттік тіркеу сәтінен басталады және шеттелмеген болып табылады.

## 2-БАП. БАНКТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, оның дербес балансы, банкте шоттары бар, өз атынан мүлктік және жеке мүлктік емес құқықтарды сатып алуы және жүзеге асыруы, міндеттерді атқаруы, сотта талапкер және жауапкер болуы мүмкін. Банк қызметкерлерінің сәуден көп, бірақ екі жүз едуден аспайтын жылдық орташа саны бар, жылдағы активтердің орташа жылдық құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылы үшін белгіленген үш жүз жиырма бес мың еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын, жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын орта кәсіпкерліктің субъектісі болып табылады.

2.2. Банктің мөрі, өз атауы жазылған бланктері және қызметін жүзеге асыруға қажетті өзге де реквизиттері бар.

2.3. Банк өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

2.4. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға хақылы.

2.5. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен Банк өзі орналасқан жерден тыс жерлерде, заңды тұлғалар болып табылмайтын және өздері туралы Ереже негізінде Банктің атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдарды (өкілдіктерді) құруға хақылы.

2.6. Банктің өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлкі бар. Банк өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2.7. Банк өз міндеттемелері бойынша жауапкершілікті өз мүлкінің шегінде көтереді.

## 3- БАП. БАНК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МӘНІ

3.1. Мыналар банк қызметінің негізгі мақсаттары болып табылады:

- Қазақстан Республикасында нарықтық экономиканың қалыптасуына және одан әрі дамуына көмектесу;
- экономиканың әртүрлі салалары мен секторларының және әлеуметтік саланың қалыптасуына және дамуына көмектесетін қаржылық қызметті жүзеге асыру;
- табыстарды табу және оларды акционерлердің мүдделеріне пайдалану;
- халықаралық нормаларға, стандарттарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банк қызметтерінің жиынын жүзеге асыру және кеңейту.

3.2. Банк көрсетілген мақсаттарға жету үшін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) тиісті лицензиясы бар болғанда банк заңнамасында көзделген банк операцияларын және өзге операцияларды жүзеге асыруға хақылы.

3.3. Банк Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен және шарттарда Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсат етілген қызметтің өзге түрлерін жүзеге асыруға хақылы.

## 4- БАП. БАНКТІҢ МҮЛКІ МЕН ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

4.1. Банктің жарғылық капиталы құрылтайшылардың акциялардың акысын олардың атаулы құны бойынша төлеу және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталған акциялардың орналастыру бағалары бойынша акцияларды инвесторларға (инвесторға) сату арқылы қалыптасады.

4.2. Банктің Жарғылық капиталын қалыптастыру және оның мөлшерін өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

## 5 БАП. ТАБЫС ПЕН БАНКТІҢ РЕЗЕРВТІК КАПИТАЛЫ

5.1. Банк қызметін жүзеге асыруға байланысты залалдардың орнын толтыру мақсатымен Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген мөлшерде Резервтік капиталды құрады.

5.2. Резервтік капитал Банктің таза табысынан жыл сайын аударымдар жасау арқылы қалыптастырылады. Жыл сайынғы аударымдардың мөлшерін акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.

5.3. Банктің Резервтік капиталы қандай болса да төлемдердің нәтижесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында екінші деңгейдегі банктердің резервтік капиталының мөлшері үшін белгіленген мөлшерден төмен болған жағдайда, Банк резервтік капиталды қажетті шамаға дейін толтыру үшін аударымдарды қайталан бастайды.

5.4. Салықтарды, өзге міндетті түрдегі алымдарды және бюджет пен бюджеттік емес қорларға төлемдерді төлегеннен кейін банкте қалатын табыс Банктің толық билігіне түседі және ол оны дербес пайдаланады.

5.5. Банктің міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ салықтарды, өзге міндетті түрдегі төлемдер мен алымдарды төлегеннен кейін банкте қалатын табыстың есебінен оның қызметін дамыту үшін Банк акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша тиісті мақсатты қорларды, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне және Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге талаптарына сәйкес, Банк үшін қажетті немесе міндетті түрдегі қорларды құра алады.

5.6. Банктің резервтік капиталын және өзге қорларын құру және пайдалану тәртібін банктің Директорлар кеңесі анықтайды және банктің Директорлар кеңесінің қорларға жасалатын аударымдардың (резервтік капиталға жасалатын аударымдарды қоспағанда) көздері, мөлшерлері және дүркінділігі туралы немесе тиісті қордың қаражатын пайдалану туралы шешімдерді қабылдауынан тұрады.

## 6-БАП. БАНКТІҢ АКЦИЯЛАРЫ МЕН БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

6.1. Банк жай және артықшылықты акцияларды шығаруға хақылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

6.2. Акция бөлінбейді. Егер акцияға ортақ меншік құқығымен бірнеше адам ие болса, олардың барлығы бір акционер болып танылады және акциямен қуәландырылған құқықтарды өздерінің ортақ өкілдері арқылы пайдаланады.

6.3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, акцияның бір түрі осыған ие болған әрбір акционерге акцияның осы түрінің басқа иелерімен бірдей құқық көлемін береді.

6.4. Банк шығару, орналастыру, айналдыру және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңнамасында белгіленген басқа да бағалы қағаздарды шығаруға хақылы.

6.4.1. Банк айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға хақылы.

6.4.2. Акцияларға айырбасталатын бағалы қағаздардың шығарылуына Банктің жарияланған және орналастырылған акцияларының арасындағы айырмасы шегінде жол беріледі.

6.4.3. Банктің бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздардың проспектіне анықталады.

### 6.5 Акция түрлері

6.5.1. Жай акция акционерге дауыс беруге шығарылған барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығын пайдаланып, акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, Банктің таза табысы болған кезде дивидендтерді алу құқығын және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Банк таратылған кезде оның мүлкінің бөлігін алу құқығын береді.

6.5.2. Артықшылықты акция – бұл акция түрін меншіктенуші жай акцияны меншіктенген акционердің алдында алдын-ала анықталған кепілдік берілген мөлшерде дивидендтерді алудың артықшылық құқығына ие болады.

6.5.3. Банктің артықшылықты акцияларының саны Банктің жарияланған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан артпауға тиісті.

6.5.4. Осы баптың 6.5.5. тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда артықшылықты акция акционерге Банкті басқаруға қатысу құқығын бермейді.

6.5.5. Артықшылықты акция акционерге Банкті басқаруға қатысу құқығын мынадай жағдайларда береді:

1) Банк акционерлерінің жалпы жиналысы шешімі артықшылықты акцияларға ие болған акционерлердің құқығын шектей алатын мәселені қарағанда. Орналастырылған (кері қатайтарып сатып алынғандар есептелмегенде) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі шектеу үшін дауыс берген жағдайда, осындай мәселе бойынша шешім қабылданған болып есептеледі;

2) Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банкті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы мәселені қараған кезде;

3) Артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзімнің аяқталған күнінен бастап үш ай ішінде толық мөлшерде төленбегенде.

6.6. Банктің бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу құқығы.

6.6.1. Банктің жарияланған акцияларды немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыру, сондай-ақ бұрын сатып алынған осы бағалы қағаздарды өткізуге ниеті пайда болғанда, Банк осы туралы шешім қабылдаған күннен бастап он күннің ішінде осы Жарғының 16.1.1. тармақшасында көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы өз акционерлеріне тең шарттармен, өздерінде бар акцияларға барабар, бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдаған Директорлар кеңесі белгілеген орналастыру (өткізу) бағасы бойынша бағалы қағаздарды сатып алуды ұсынуға міндетті. Акционер артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес Банк акцияларды орналастыратыны (откізетіні) туралы жариялаған күннен бастап, отыз күннің ішінде акцияларды немесе Банктің акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарын сатып алуға өтінім беруге хақылы.

Бұл орайда Банктің жай акцияларын иеленетін акционердің жай акцияларды немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу құқығы бар.

6.6.2. Банк акционерлерінің бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алу құқығын іске асыру уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады, ал Банктің артықшылықты акцияларына не болған акционер Банктің артықшылықты акцияларын артықшылықпен сатып алу құқығына ие болады.

6.7. Банктің акцияларын орналастыру.

6.7.1. Банк өз акцияларын акциялардың жарияланған шегінде бір немесе бірнеше орналастыру арқылы жасалған шығарылымын мемлекеттік тіркеуден кейін орналастыруға хақылы.

6.7.2. Акцияларды орналастыру ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында өткізілетін жазылу немесе аукцион не бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында өткізілетін жазылу немесе аукционда сату арқылы жүзеге асырылады.

6.7.3. Жазылу арқылы Банк орналастыратын акциялар, акцияларды артықшылықты сатып алу құқығына сәйкес сатып алатын акционерлерді қоспағанда, осы орналастыру шегінде акцияларды сатып алатын барлық тұлғалар үшін бірдей сату бағасы бойынша сатылуға тиіс.

Акционерлер акцияларды артықшылықты сатып алу құқығына сәйкес орналастыру туралы шешім қабылдаған Банктің органы белгілеген бірінші орналастыру бағасы бойынша сатып алады.

6.7.4. Директорлар кеңесі осы орналастыру үшін белгілеген акцияларды орналастыру бағасы осы акциялардың сатылуы мүмкін негүрлым төменгі бағасы болып табылады.

6.7.5. Директорлар кеңесі орналастырылатын акциялардың санын және (немесе) орналастыру бағасын өзгерту туралы шешім қабылдаған жағдайда бұл орналастыру осы Жарғының 6.6.1. ережелерін ескеріп жүргізіледі.

6.8. Банк акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесі.

6.8.1. Банк акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізуді Банк мен оның аффилирленген тұлғаларының аффилирленген тұлғасы болмауға тиісті болған Банктің тіркеушісі ғана жүзеге асыра алады.

6.8.2. Банк акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізудің, сондай-ақ уәкілетті органға ол жөнінде ақпарат берудің тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасында анықталады.

6.8.3. Банк Банк акцияларының шығарылуын мемлекеттік тіркеу мақсатымен уәкілетті органға құжаттарды ұсынудан бұрын Банктің тіркеушісімен Банк акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу бойынша қызмет көрсету туралы шарт жасауға міндетті.

6.8.4. Банк орналастырылатын акцияның құны толық төленгенге дейін Банктің акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесіндегі (атаулы ұстаушыны есепке алу жүйесіндегі) оны сатып алушының дербес шотына осы акцияны есепке алу туралы бұйрық беруге хақысы жоқ.

6.9. Банктің акцияларын орналастырудың қорытындылары туралы есеп

6.9.1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органға Банктің жарияланған акциялары толық орналастырылғанға дейін немесе оларды толық орналастыруды аяқтағаннан кейін әрбір алты айдың қорытындылары бойынша (есептік жартыжылдық аяқталғаннан кейін бір айдың ішінде) өз акцияларын орналастырудың қорытындылары туралы есептерді ұсынуға тиісті.

6.10. Банктің орналастырылатын акцияларының құнын төлеу

6.10.1. Банк акциялары орналастырылғанда олардың құны тек қана Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен төленеді.

6.10.2. Банктің өзінің жарияланған акцияларын бағалы қағаздардың бастапқы рыногында орналастырғанда оларды сатып алуына жол берілмейді.

## 7-БАП. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.

7.1. Банк акционерінің:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Банкті басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Банктің қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе Банктің жарғысында белгіленген тәртіппен Банктің қаржы есептілігімен танысуға;

4) Банктің тіркеушісінен немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Банк акционерлерінің жалпы жиналысына Банктің директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;

6) Банктің органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дауласуға;

7) Банкқа оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және Банкқа сауал келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

8) Банк таратылған кезде мүлктің бір бөлігіне;

9) Қазақстан Республикасының заң актілерінде және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Банктің акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.

7.2. Сонымен бірге ірі акционердің:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;

3) директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Банк аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

7.3. Акционерлердің осы Жарғының 7.1. және 7.2. тармақтарында белгіленген құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

7.4. Банктің акционері:

1) акциялардың құнын төлеуге;

2) осы акционерге тиесілі акцияларды Банктің тіркеушісіне мен нақтылы ұстаушыға Банктің акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;

3) Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

7.5. Акционердің осы баптың 7.4 тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдары үшін Банк пен тіркеуші жауапты болмайды.

## 8-БАП. БАНКТІҢ АКЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР

8.1. Банктің акциялары бойынша дивидендтер акционерлердің жалпы жиналысында Банктің дауыс беретін акцияларының жай көпшілігімен дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда аксиалай немесе Банктің бағалы қағаздарымен төленеді.

8.1.1. Бір артықшылықты акция бойынша дивидендтердің кепілдік берілген мөлшері артықшылықты акцияны бастапқы орналастыру бағасының жылдық 5 (бес) пайызын құрайды және осы кезең үшін жай акциялар бойынша есептелген дивидендтерден аз бола алмайды.

8.1.2. Банктің артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге жол берілмейді.

8.1.3. Банктің акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеуге осындай төлеу Банктің жарияланған акцияларымен және акционердің жазбаша келісім болғанда жүзеге асырылу шартымен ғана жол беріледі.

8.1.4. Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтерді төлеу күнінен бір күн бұрын жасалуға тиісті.

8.1.5. Төленбеген дивидендтері бар акцияларды иеліктен алу, егер акцияларды иеліктен алу туралы шартта өзгеше көзделмесе, акцияның жаңа иесінің оларды алу құқығымен жүзеге асырылады.

8.2. Банктің акциялары бойынша дивидендтер төлеудің дүркінділігі акцияларды шығару проспектісімен белгіленеді.

8.3. Банктің акциялары бойынша дивидендтер төлеу төлем агенті арқылы жүргізілуі мүмкін. Төлем агентінің қызметіне ақы Банк есебінен төленеді.

8.4. Орналастырылмаған немесе банктің өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе банк акционерлерінің жалпы жиналысы банкті тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

8.5. Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша:

1) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Банктің өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер банк Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер Банкта оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтерді есептеуге жол берілмейді.

8.6. Акционер банк берешегінің жиналып қалу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

8.7. Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және акша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасын негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

8.8. Жай акциялар бойынша дивидендтер

8.8.1. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қабылдайды.

8.8.2. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдап, оны қабылдаған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде осы Жарғының 16.1.1. тармақшасында аталған бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялауға құқылы.

8.8.3. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс.

8.8.4. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер:

- 1) Банктің атауы, орналасқан жері, банк және өзге де реквизиттері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;
- 4) дивидендтер төлеудің басталу күні;
- 5) дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны болуға тиіс.

8.9. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер

8.9.1. Осы Жарғының 8.5 тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу Банк органының шешімін талап етпейді.

8.9.2. Бір артықшылықты акцияға дивидендтер төлеу жылына бір рет жүзеге асырылады.

8.9.3. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді толық төлегенге дейін оның жай акциялары бойынша дивидендтер төленбейді.

8.9.4. артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу мерзімі басталғаннан бұрын Банк бес жұмыс күні ішінде осы Жарғының 16.1.1. тармақшасында көрсетілген бұқаралық ақпарат құралында осы Жарғының 8.8.4. тармағының 1), 2), 4), 5) тармақшатарында аталған ақпаратты көрсетіп, дивидендтерді төлеу және Банктің бір артықшылықты акциясына есептелген дивидендтің мөлшері туралы ақпаратты жариялауға тиісті.

## 9-БАП. БАНКТІ БАСҚАРУ

9.1. Мыналар Банк органдары болып табылады:

- 1) жоғарғы орган – акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы – директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – басқарма (алқалы орган);
- 4) ішкі аудит қызметі;
- 5) корпорация хатшысы

## 10-БАП. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

10.1. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

10.2. Банк акционерлердің жылдық жалпы жиналысын жыл сайын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

10.3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы есептік жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейін өткізілуге тиісті.

10.4. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне мына мәселелер жатады:

- 1) Банктің жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Банкті басқару барысында пайда болатын қатынастарды, оның ішінде акционерлер мен Банк органдары арасындағы, Банк органдары, Банк және мүдделі тұлғалар арасындағы қатынастарды реттейтін, корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар;
- 3) Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Банктің жарияланған акциялар санын көбейту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акциялары түрлерін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
- 6) есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттіктер мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшерлері мен талаптарын белгілеу;
- 8) Банк аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 9) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 10) Банктің есептік қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына шаққандағы е дивидент мөлшерін бекіту
- 11) Осы Жарғының 8- бабы 8.7- тармақшасыда ескерілген жағдайлар бастығанда банктің жай және артықшылық акциялары бойынша дивидендтердің төлеу туралы шешім қабылдау;

12) жиынтығында сомасы банк ие болған барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын активтерді бір немесе бірнеше бөліктерін тапсыру арқылы басқа заңды тұлғаны немесе оның қызметін құруға банктің қатысуы жөнінде шешім қабылдау;

13) Банктің акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерді хабарландыру нысанын анықтау және осы Жарғының 16.1.1. тармақшасында көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдарында осы ақпаратты орналастыру туралы шешім қабылдау;

14) Банк акцияларды бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);

15) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

16) Банк қызметі туралы ақпаратты акционерлерге беру тәртібін анықтау, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын белгілеу;

17) "алтын акцияны" енгізу және күшін жою;

18) шешімдерін қабылдау заңнамада және осы Жарғыда акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

#### 10.5. Шешім қабылдау тәртібі

10.5.1. Осы Жарғының 10.4-тармағындағы 1)-4)-тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санынан білікті көпшілігімен дауыс қабылданады.

10.5.2. Акционерлердің жалпы жиналысының басқа мәселелері бойынша шешімдер егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқа жағдайлар белгіленбесе, онда дауыс беруге қатысатын Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санынан жай дауыс көпшілігімен қабылданады.

10.5.3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шешімін қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді Банктің басқа органдарының дауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің құзыретіне табыс етуге жол берілмейді.

10.5.4. Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Банктің басқа органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

#### 10.6. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі

10.6.1. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.

10.6.2. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:

1) Директорлар кеңесінің;

2) ірі акционердің;

3) ерікті түрде тарату процесінде тұрған Банктің тарату комиссиясының;

4) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда өзге тұлғалардың бастамасы бойынша шақырылады.

10.6.3. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындауды және өткізуді:

1) атқарушы орган;

2) олармен жасалған шартқа сәйкес Банктің тіркеушісі;

3) Директорлар кеңесі;

4) Банктің тарату комиссиясы жүзеге асырады.

10.6.4. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде, банк органдары мен Қазақстан Республикасы заңнамаларымен белгіленген акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру тәртібін бұзған жағдайда шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

10.6.5. Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы егер Банк органдары оның Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізетіндігі туралы талабын орындамаса, онда Банктің ірі акционері талабы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

#### 10.7. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы ақпарат

10.7.1. Акционерлер алдағы жалпы жиналыстың өткізілетіндігі туралы отыз күнтізбелік күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс берілген жағдайда жиналысты өткізу күніне дейін қырық бес күнтізбелік күннен кешіктірілмей хабарландырылуы тиіс.

#### 10.8. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы

10.8.1. Акционерлердің жалпы жиналысын қайтадан өткізу алғашқы (өткізілмеген) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні белгіленгеннен кейінгі күннен бұрын белгіленбеуі тиіс.

10.8.2. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмеген жерде өткізілуі тиіс.

#### 10.9. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі

10.9.1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі директорлар кеңесімен құрылады және талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелер тізбесін қамтуы тиіс.

10.9.2. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі толықтырылатыны Банк акционерлеріне жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күн бұрын кешіктірілмей немесе осы Жарғының 10.9.5. тармағында белгіленген тәртіппен хабарланған жағдайда, ірі акционер немесе директорлар кеңесі күн тәртібін толықтыруы мүмкін.

10.9.3. Акционерлердің жалпы жиналысын ашқан жағдайда, көзбе-көз өткізілген тәртіпте директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту бойынша олармен алынған ұсыныстар туралы хабарлауға міндетті.

10.9.4. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналысқа ұсынылған Банктің дауыс беру акцияларының жалпы санынан дауыс көпшілігімен жүзеге асырылады.

10.9.5. Күн тәртібіне акционерлердің жалпы жиналысында және Банктің дауыс беруші акцияларының кемінде тоқсан бес пайыз жинақтамасына ие болған акционерлердің (немесе олардың өкілдері) көпшілігінің дауыс бергендігі енгізілсе, онда өзгерістер және (немесе) толықтыруларды енгізуі мүмкін.

10.9.6. Акционерлердің жалпы жиналысымен шешім қабылдаған жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін сырттай дауыс беру арқылы өзгерте және (немесе) толықтыра алмайды.

10.9.7. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқықты емес.

10.9.8. Күн тәртібінде, «әр түрлі», «өзге», «басқалары» деген сөздерді қоса алғанда, жалпылама ұғымдағы тұжырымдамаларды және осыларға ұқсас тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.

10.10. Акционерлердің жалпы жиналысының қворумы

10.10.1. Акционерлердің жалпы жиналысы егер акционерлер тізіміне кіргізілген, оған қатысу және дауыс беру құқығы бар, банктің дауыс беруші акцияларының 50 және одан жоғары пайыз жинақтамасына ие болған акционерлер немесе оның өкілдері жиналыс қатысушыларын тіркеуді аяқтау мерзімінде тіркелген болса, онда күн тәртібі мәселелері шешімін қарастыруға және қабылдауға құқығы бар.

10.10.2. Өткізілмеген акционерлердің жалпы жиналысын қайтадан өткізу күн тәртібі мәселелерін қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқықты, егер:

1) Қворумның болмауы себебінен өткізілмеген акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталса;

2) Тіркеу аяқталған сәтте Банктің дауыс беру акциялары 40 және одан жоғары пайыз жинақтамасына ие болатын оған тіркелген акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер қатысса.

10.10.3. Жалпы жиналыс қатысушыларын тіркеу сәтінде бюллетеньдермен көрсетіліп ұсынылған және Банкпен алынған дауыс сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді акционерлерге жіберген жағдайда қворумды анықтау және дауыс беру қортындысын жүргізу ескеріледі.

10.10.4. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізгенде қворум болмаған жағдайда сырттай дауыс беру арқылы акционердің жалпы жиналысын қайтадан өткізу жүргізілмейді.

10.11. Есептеу комиссиясы.

10.11.1. Есептеу комиссиясы егер Банктің акционерлері 100 және одан жоғары санды құраған жағдайда Банк акционерлерінің жалпы жиналысында сайланады.

10.11.2. Егер акционерлер саны жүзден кем болған жағдайда есептеу комиссиясының қызметтері акционерлердің жалпы жиналысының хатшысымен жүзеге асырылады.

10.11.3. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша есептеу комиссиясының қызметтері Банктің тіркеушісіне жүктелуі мүмкін.

10.11.4. Есептеу комиссиясы кемінде 3 адамнан құрылуға тиісті. Есептеу комиссиясына Банктің алқалық органдарының мүшелері кіре алмайды.

10.11.5. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізген уақытта есептеу комиссиясы мүшесі болмаған жағдайда жиналысты өткізу мерзіміне есептеу комиссиясы мүшесін қосымша сайлауға рұқсат беріледі.

10.11.6. Есептеу комиссиясының өкілеттіктері Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес анықталады.

10.12. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі.

10.12.1. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасына, Банктің жарғысына және Банктің ішкі қызметін, не болмаса акционерлердің жалпы жиналысын реттейтін өзге құжаттарға сәйкес анықталады.

10.12.2. Акционерлердің жалпы жиналысын ашқанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеуді жүргізеді. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысу мен дауыс беру өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуі тиіс.

10.12.3. Тіркеуге кірмеген акционер (акционердің өкілі) қворумды анықтаған жағдайда ескерілмейді және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

10.12.4. Артықшылықты акциялардың иесі болған Банк акционері жүздесу түрінде өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға хақыды.

10.12.5. Акционерлердің жалпы жиналысында басқа тұлғар шақырусыз қатыса алады. Осындай тұлғалардың Акционерлердің жалпы жиналысында сөз сөйлеу құқығы Акционерлердің жалпы жиналысы шешімімен белгіленеді.

10.12.6. Акционерлердің жалпы жиналысы қворум болған кезде жарияланған уақытта ашылады.

10.12.7. Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабардар етілген және жиналысты ашу уақытын өзгертуге қарсы болмаған жағдайды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысы жарияланған уақыттан бұрын ашыла алмайды.

10.12.8. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын (президиумы) және хатшысын сайлайды.

10.12.9. Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру түрін – ашық немесе құпия (бюллетендер бойынша) анықтайды. Акционерлердің жалпы жиналысы төрағасын (президиумы) және хатшысын сайлау мәселесі бойынша дауыс берген жағдайда әр акционер бір дауысқа ие, ал шешім қатысушылар санының жай дауыстар

көпшілігімен қабылданады. Атқарушы органның мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында мына жағдайларды қоспағанда, жиналысқа қатысқан барлық акционерлер атқарушы органға кірген жағдайда төрағалық ете алмайды.

10.12.10. Акционерлердің жалпы жиналысын жүргізу барысында оның төрағасы қарастырылатын мәселе бойынша жары сөздерді тоқтату, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы дауыс беру ұсыныстарды дауысқа шығаруға құқылы.

10.12.11. Төраға күн тәртібіндегі мәселені талқылауға құқығы бар тұлғалардың сөз сөйлеулеріне келергі келтіре алмайды, мұндай сөз сөйлеулер акционерлердің жалпы жиналысының реттемесін бұзуға әкеліп соқтырады немесе осы мәселелер бойынша жарыс сөздер тоқтатылады.

10.12.12. Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысындағы үзіліс және жұмыс мерзімдерін ұзарту, оның ішінде келесі күнге арналған акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің жекелеген мәселелерін қарауды ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқықты.

10.12.13. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық мәселелері қаралғаннан және олар бойынша шешімдер қабылдағаннан кейін ғана жабық деп жариялануы тиіс.

10.12.14. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен растылығына жауап береді.

10.13. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерді сырттай дауыс беру арқылы қабылдау.

10.13.1. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді жүргізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын (аралас дауыс беру), не болмаса акционерлердің жалпы жиналысы отырысын өткізбей-ақ акционерлердің дауыс беруімен қолданылады.

10.13.2. Сырттай дауыс беруді жүргізгенде дауыс беруге арналған бюллетеннің бірыңғай түрлері акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға таратылады (жіберіледі).

10.13.3. Банк акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру ықпалын көрсете отырып дауыс беру бюллетендерін жекелеген акционерлерге тандап жіберуге құқығы жоқ.

10.13.4. Дауыс беру бюллетені акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілген күнге дейін қырық бес күн бұрын кешіктірілмей жіберілуге тиісті. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей сырттай дауыс бергенде бес жүз және одан да көп акционері бар Банк осы Жарғының 16.1.1. тармақшасында көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдарында акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламамен бірге акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді жариялауға міндетті.

10.13.5. Сырттай дауыс беру бюллетені осы жеке тұлғаны куәландыратын құжаты туралы мәліметтері көрсетілген жеке тұлға-акционермен қол қойылуы тиіс.

10.13.6. Заңды тұлға - акционердің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетеньге оның басшысымен қол қойылуы және заңды тұлғаның мөрімен расталуы тиіс.

10.13.7. Дауыстарды есептеген жағдайда, дауыстар мына мәселелер бойынша бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған акционердің дауысы ескеріледі және дауыс берудің мүмкін болатын нұсқаларының бірі ғана белгіленеді.

10.13.8. Егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі директорлар кеңесі мүшелерін сайлау туралы мәселені қамтыса сырттай дауыс беру бюллетені жекелеген үміткерлер берген дауыс санын көрсетуге арналған торлар болуы керек.

10.13.9. Егер сырттай дауыс беру бюллетенінің бұрын жіберген акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге келсе, онда аралас дауыс беру қолданылады, оның бюллетені акционерлердің жалпы жиналысы кворумында белгіленген және күн тәртібі мәселелері бойынша дауыстарды есептеген жағдайда ескерілмейді.

10.14. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру:

10.14.1. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру "бір акция – бір дауыс" принципі бойынша жүзеге асырылады, мына жағдайларды қоспағанда:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда бір акционерге ұсынылатын акциялар бойынша ең жоғарғы дауыс санын шектеу;

2) Директор кеңесі мүшелерін сайлаған жағдайда шоғырландырма дауыс беру;

3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әр тұлғаға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің тәртіптемелік мәселелері бойынша бір дауыстан беру;

10.14.2. Дауыс акциясы бойынша ұсынылатын шоғырландырма дауыстар берілген жағдайда директорлар кеңесі мүшесіндегі бір үміткерге немесе директорлар кеңесі мүшесіне бірнеше үміткерлер арасында дауыстар толығымен акционермен берілуі немесе бөлінуі мүмкін. Директорлар кеңесіне сайланғандарға көпшілік дауыс берілген үміткерлер болып табылады.

10.14.3. Жүздесу түрінде өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құпия түрде жүзеге асырылады. Мұндай дауыс беру бюллетендері (бұдан әрі осы баптағы- жүздесу құпия дауыс беру бюллетені) құпия тәсілмен жүзеге асырылатын дауыс берудің жекелендірілген мәселелері бойынша жасалануы тиіс.

10.14.4. Жүздесу құпия дауыс беру бюллетеніне акционермен қол қойылмайды, мына жағдайларды ескергенде, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы талаптарды Банкқа көрсету мақсатында, акционер бюллетеньге өз қалауымен қол қоямын деп хабарлайды.

10.14.5. Жүздесу құпия дауыс беру бюллетені бойынша дауыстарды есептегенде, бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін дауыс беруші сақтаған, және дауыс берудің мүмкін болатын нұсқаларының біреуі ғана белгіленген жағдайда осы мәселелер бойынша дауыстар ескерілетін болады

10.15. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама.

10.15.1. Дауыс беру қорытындылары бойынша есеп комиссиясы дауыс беру қорытындысы туралы хаттаманы жасайды және қол қояды.

10.15.2. Дауыс беру мәселесі бойынша Акционердің өз пікірі болған жағдайда Банктың есептеу комиссиясы хаттамаға тиісті жазбаны енгізуге міндетті

10.15.3. Дауыс беру қорытындылары жасалған және қол қойылғаннан кейін күндізгі құпия және сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз болып табылған бюллетеньдер), жасалған хаттама негізінде хаттамамен бірге тігіледі және Банк мұрағатына тапсырылады.

10.15.4. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қосылуға тиісті.

10.15.5. Дауыс беру қорытындылары дауыс беру барысында өткізілген акционерлердің жалпы жиналысында жарияланады.

10.15.6. Акционерлердің жалпы жиналысы қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері осы Жарғының 16.1.1. тармақшасында көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдарында оларды жариялау арқылы немесе акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күн ішінде әр акционерге жазбаша хабарлама түрінде жіберіледі.

10.16. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы.

10.16.1. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалуы және қол қойылуы тиіс.

10.16.2. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына:

1) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасымен (президиум мүшелерімен) және хатшымен;

2) есептік комиссия мүшелерімен;

3) акционерлердің жалпы жиналысында Банк акцияларына дауыс берген және жалпы жиналысқа қатысқан он және одан жоғары пайыздарға ие болған акционерлермен қол қойылады.

10.16.3. Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына арналған сенімхаттар, сондай-ақ хаттамаға қол қою және хаттамаға қол қоюдан бас тартқаны туралы себептерімен жазбаша түсіндірмелері қоса тігіледі. Көрсетілген құжаттар атқарушы органмен сақталуы және акционерлерге кез келген уақытта танысу үшін ұсынылуы тиіс. Акционердің талабы бойынша оған акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

10.16.4. Жалпы жиналыста Банктың директорлар кеңесін (директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы мәселе қаралған жағдайда жалпы жиналыстың хаттамасында: директорлар кеңесінің сайланған мүшесі қандай акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.

## 11-БАП. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

11.1. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Жарғыда акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспаған жағдайда, Банктың қызметіне жалпы басшылық етуді жүзеге асырады.

11.2. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) Банк қызметінің басым бағыттарын анықтау;

2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) орналастыру (сату), оның ішінде жарияланған акциялар шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Банктың орналастырылған акцияларды сатып алу немесе басқа бағалы қағаздар және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Банктың жылдық қаржылық есебін алғашқы бекіту;

6) Банк облигацияларын шығару және туынды бағалы қағаздарының шарттарын анықтау;

7) атқарушы органдардың сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, оның басшылары мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен тоқтату;

8) атқарушы органның басшысы мен мүшелерін лауазымдық жалақылары мен еңбекақы төлеу шарттарын және сыйақы беру мөлшерлерін анықтау;

9) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін құру және ішкі аудит пен тәуекелдіктерді басқару жөніндегі қызметтің қызметкерлеріне еңбек ақысын төлеу мен сыйлық берудің мөлшерлерін және шарттарын анықтау;

10) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

11) аудиторлық ұйымның, ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

12) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және Банктің бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

13) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

14) Банктің басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп процентін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдерін қабылдау, сондай-ақ олардың қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

15) Банктің міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп процентін құрайтын шамаға көбейту;

16) Банктің бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда Банктің тіркеушісін таңдау;

17) Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты айқындау;

18) ірі мәмілелер және жасалуына Банк мүдделі мәмілелер жасау туралы шешімдер қабылдау;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

11.3. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді атқарушы органның шешуіне беруге болмайды.

11.4. Осы Жарғыға сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша директорлар кеңесінің шешім қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

11.5. Директорлар кеңесінің комитеттері

11.5.1. Ең маңызды мәселелерді қарау үшін және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін Банкте Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы мүмкін:

- 1) стратегиялық даму жөніндегі;
- 2) кадрлар және сыйақылар мәселелері жөніндегі;
- 3) аудит және тәуекелдік жөніндегі;
- 4) әлеуметтік мәселелер жөніндегі;
- 5) корпорациялық басқару жөніндегі;
- 6) Банктің ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер жөніндегі.

11.5.2. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімдерге ие болған сарапшылардан тұрады.

11.5.3. Банк Басқармасының төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

11.5.4. Директорлар кеңесі комитеттерін құрудың және олардың жұмысының тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Банктің ішкі құжаттарында белгіленеді.

11.6. Директорлар кеңесінің құрамы.

11.6.1. Жеке адам ғана директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

11.6.2. Директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) акционер - жеке адамдар;
- 2) директорлар кеңесіне акционерлердің мүдделерін білдіруші өкілдер ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыныс берілген) адамдар;

3) басқа адамдар (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып) арасынан сайланады.

11.6.3. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша бір кандидатты жақтап толық дауыс беруге немесе оларды директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс санын алған кандидаттар директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер директорлар кеңесінің мүшелігіне екі немесе одан да көп кандидат тең дауыс санын алса, бұл кандидаттарға қатысты қосымша дауыс беру өткізіледі.

11.6.4. Банктің акционері емес және акционердің мүдделерін білдіруші өкіл ретінде директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке адам директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алады. Мұндай адамдар саны директорлар кеңесі құрамының елу процентінен аспауы керек.

11.6.5. Атқарушы органның басшысынан басқа мүшелері директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Атқарушы органның басшысы директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

11.6.6. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кем дегенде үш адам болуға тиіс.

11.6.7. Банктің директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде үштен бір бөлігі тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

11.6.8. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

11.7. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі.

11.7.1. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдардың, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, қайта сайлануына шек қойылмауы мүмкін.

11.7.2. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.

11.7.3. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің жаңа директорлар кеңесін сайлау өткізілетін жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады.

11.7.4. Акционерлердің жалпы жиналысы директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

11.7.5. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады.

11.8. Директорлар кеңесінің төрағасы.

11.8.1. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен оның мүшелері арасынан сайланады.

11.8.2. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді.

11.8.3. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын директорлар кеңесінің шешімі бойынша директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

11.9. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру.

11.9.1. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе атқарушы органның бастамасы бойынша, не:

- 1) директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Банктің ішкі аудит қызметінің;
